

в пословице. Мы обязаны быть патриотами – прививать любовь к Родине в сознании молодого поколения.

Мы должны помнить, что любить Родину – святая обязанность перед нашими предками. Для укрепления своей страны перед нами стоят еще много больших целей и задач, чтобы добиться этого, нам в первую очередь нужны единство и солидарность.

Подводя итог, можно сделать вывод, что этнокультурное воспитание подрастающего поколения на основе казахской традиционной народной культуры, позволяет укреплять межнациональную дружбу, жить в многонациональном сообществе, бережно и терпимо относиться к своеобразию других культур и традиций.

Список литературы

1. Закон Республики Казахстан от 20 октября 2008 года №70 – 4 «Об Ассамблее народа Казахстана»
2. Мир и согласие многонационального Казахстана – основа развития страны – Президент/в ходе рабочей поездки Президента РК Назарбаева Н. А. в Акмолинскую область от 5 сентября 2003 года//<http://www.nomad.su>
3. Послание Главы государства народу Казахстана «Нұрлы жол – путь в будущее» от 11.11.2014 года // <http://www.akorda.kz>

АССАМБЛЕЯ-ТАТУЛЫҚТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Қасымбекова А.Б., педагогика факультетінің студенті

Ғылыми жетекші: доцент, PhD доктор Жұманова А.З.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақстан халқы Ассамблеясы-ол әрі іргетас, әрі бейбітшілік, рухани келісім мәдениетінің негізгі қағидаты. Ассамблея-мемлекеттік органдардың халықпен жемісті ұнқатысуын, барлық этностар өмірлерінің өзекті мәселелерінің шешілуін қамтамасыз ететін ұйым. «Дамудың сыры-бірлікте, Табыстың сыры-тірлікте» Мұратқа жолын тапқан жетеді. Еңбегіміздің жанбағы біздің ортқ үйімізді бейбітшіліктің бесігі етіп, барды бағалай білуімізге байланысты. Қазақты қасиетті қара шаңыраққа баласақ еліміздегі барша этностар-сол шаңыраққа шаншылған уықтар.

Ортақ ордамыз - Қазақстанның босағасын берік, шаңырағын биік ұстап, түтінін түзу ұшыру-елдік мақсат. Сонда ғана «Қазақстан-2050» Стратегиясында айтылған үздік 30 елдің қатарынан табыламыз. Біздің отанымыз-ортақ, тілегіміз-бір, мақсатымыз-жалғыз. Ол-жері гүлденген, дамуы жедел, ұрпағы кемел Мәңгілік Қазақстан.

Елбасымыздың дәл осы сөздерінен оның ең басты мақсаты татулық, ырлық, ынтымақтастық негізінде Мәңгілік Ел құру екенін аңғарамыз. Қазіргі таңда Ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы маңызды құралға айналып, елімізде тұрмыс кешіп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші рөлге ие бірден-бір ұйым болып отыр. Жиырма жылдық тарихында аталған құрылым қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы құралға айналғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Биылғы жылы елімізде Қазақстан халқының Ассамблеясының жиырма жылдығы өте кең көлемде аталып өтуде. Ұлт көшбасшысы Н.Ә Назарбаев «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты халыққа жолдауында «Ассамблея құрудың 20 жылдығын атап өту арқылы арқылы біз қазақстандықтардың рухани күш-қуатын арттыруымыз және толеранттылығын еселеуіміз керек. Сондықтан да біз Қазақстан халқын ең үздік және мәңгілік құндылықтар-ел игілігі жолында ынта мен жігерді, еңбекқорлықты және мақсаткерлікті арттыруға шақырамыз. Этносаралық келісім-ол өміршеңдік оттегісі» деп ерекше атап өтті. Ассамблеяның негізгі бағыты барлық этностық топтарды

Ассамблея – ұлттар татулығы мен достығының кепілі. Бұл туралы Н. Ә. Назарбаев өз сөзінде айтып өтті: Ассамблея Қазақстанның саяси жүйесінің маңызды бір белгісіне айналды, ұлттың құқықтары мен еркіндіктерінің бұлжытпай сақталуын қамтамасыз етеді. XX

ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда 5 рет халық санағы жүргізілген: 1959, 1970, 1979, 1989, 1999 жылдары. Тәуелсіздік қарсаңында, яғни, 1989 жылғы санақ бойынша қазақтар ортақ мақсатқа жұмылдыру болып табылатындығын атап өткен елбасы Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі-ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын қарапайым ұйымға ғана емес, сонымен қатар, еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық діни ерекшеліктеріне қарамастан құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтына айналғандығын айтты. Қазіргі таңда Қазақстанда 140-тан астам ұлт өкілдері тұрады. республика халқының 39,7%-ын ғана құрады. Қазақстандағы барлық халық саны-16 млн 475 мың болса, оның 6 млн 535 мыңы ғана қазақ ұлты еді. Бұл көрсеткіш жерімізді мекендеп отырған халықтың жартысынан астамы өзге ұлт өкілдері екенін көрсетті [1. 320 б.].

Елімізде барша өзге ұлт өкілдеріне қазақстандықтармен тең жағдай жасалған. Мұның дәлелі Елбасының 1998 жылғы 30 қыркүйекте Қазақстан халқына жолдауынан көре аламыз.

Парламент өз этностар мен діндер өкілдерінің өкілдігін арттыру, Президент тағайындайтын сенаторлардың бір бөлігін Қазақстан халықтары Ассамблеясына кандидаттардан алу керектігін ұсынды. Президенттің бұл ұсынысы 2007 жылы іске асқаны белгілі. Ал мұндай аса маңызды шешім Қазақстанда этносаралық татулық пен келісімнегізінде бірыңғай қазақстандық азаматтық қоғам қалыптастырудың басты тұғыры деп айтуға болады. Жолдаудың басым бағыттарынан ұлтаралық келісім мен татулық табиғаты, оны жүзеге асыру мүмкіндіктері кең орын алады [1. 378-379 бб.].

Қазақстан халықтары республикасы халықтары ассамблеясы - Қазақстан Республикасы жанындағы кеңесші орган. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы» Жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылықпен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 жылы 1 наурызда құрылған. ҚХА-ның мақсаты- республикалық оқиғаларға баға беру және саяси жағдайларға болжам жасау негізінде қоғамдағы ынтымақтыққа матамасыз ететін іс-тәжірибелік ұсыныстарды ойластыру. Қазақстан Республикасы Президентінің республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілі ретіндегі қызметіне ат салысу болып табылады. Ассамблея: мәдени-ағартушылық тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту және насихаттау; тәрбиелік-қазақстандық және ұлттық отан сүйгіштікті қалыптастыру; ұлтаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту; Қазақстанды мекен өткен ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау ісімен айналысады. Ассамблеяның 350-ге жуық мүшесі бар. ҚХА-на мүшелікке кандидаттарды тең арақатынас қағидасы бойынша жергілікті жерлердегі Қазақстан халықтарының кіші Ассамблеясы республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени бірлестіктер, Ассамблея кеңесінің мүшелері ұсынады. ҚХА-ның төрағасы ҚР Президенті. Ол Ассамблея мүшелерінің ұсынысы бойынша төрағаның екі орынбасарын тағайындайды. Ассамблея мәжілістері арасындағы жұмысты ҚР Президентінің шешімімен Ассамблея кеңесі жүрізеді. ҚХА-ны құру идеясын алғаш рет ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев 1992 ж. Тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған Қазақстан халықтарының 1-ші форумында ұсынды [2].

1995 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халықтары Ассамблеясының еліміздегі ұлтаралық қатынастарды дамытуға және нығайтуға қосқан үлесі мол [3].

Қазақстанда түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық мерекелері жыл сайын дәстүрлі түрде атап өтіледі. Қарағанды облысында да көптеген ұлт өкілдері өмір сүруде. Олар көптеген мәдени шараларға өте белсенді қатысады. Жыл сайын өткізілетін ұлттық мәдениеттің облыстық фестивалі есте қаларлықтай оқиғаға айналды, ол Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрдасы және Республика күнінде дәстүрлі түрде өткізіледі. Осы мерекені даярлау мен әзірлеу әрдайым көтеріңкі көңіл күй, шаттық, өзара түсіністік жағдайында өтеді. Фестивальдың диапазоны үлкен және әртүрлі, оның аясында әртүрлі театрландырылған

шерулер, декоративтік- қолданбалы өнер көрмесі, ұлттық асхана, мемлекеттік тілді білу байқауы, ұлттық-мәдени орталықтар көркемөнерпаздар ұжымдарының концерті өткізіледі.

Ұлттық ансамбльдер құруда едәуір жұмыстар жүргізілуде, көптеген ұлттық-мәдениет орталықтардың қызықты да ерекше ұжымдары бар, олар облыс тұрғындарының көңілінен шығуда.

Ұлттық –мәдени орталықтармен жұмыстың идеялық бағыты қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, жастарды өз отанын әдемі, бай етуге ұмтылуға тәрбиелеу болып табылады. Біздің халқымыз бүкіл әлемге өзінің шыдамдылығымен, ұлтаралық, дінаралық татулығымен белгілі.[3.172-173 бб.]

Қазақстанда қытай, татар, армян, тәжік, өзбек, украин т.б ұлт өкілдері тұрады. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтеміз.

Армяндар тарихи жағдайға байланысты жер шарының 60-тан астам елінде тұрады. Армяндардың Қазақстанға көшіп келуі кеңес дәуірінде бастау алды. 2005 жылдың басында Қазақстанда 14758 армян, оның ішінде Қарағанды облысында - 1751 адам тұрады.

Поляктар Қазақстан аймағында алғаш рет XVIII-XIX ғасырда пайда болған. Бұлар азаттық қозғалысына қатысушылар, соның ішінде 1830 және 1863 жылдардағы көтеріліске қатысқандар болған. 1999 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 47297 поляк, соның ішінде Қарағанды облысы аумағында 5572 поляк ұлтының өкілдері тұрады.

Азербайжан халқы XI-XIII ғасырларда қалыптасқан. XX ғасырдың басында Қазақстанда азербайжандар 1926 жылы барлығы 46 адам болған. 1999 жылы қазақстандық халық санағы мәліметі бойынша азербайжандықтар-78295 адам болған. Олардың көбі Қазақстанда 30-шы жылдары қуғын- сүргінге ұшыраған басқа халықтармен бірге келген. Қарағанды облысы аумағында 3667 азербайжан тұрады.

Қазіргі уақытта Қазақстан халқы ассамблеясына 20 жыл толды. Қазақ елі бұл мерекені үлкен көлемде атап өтуде. Қазақ халқы өте мейірбан, қоңақжай, көмек сұрай келген адамның бетін қайтармайтын, жайдары халық. Осының бір дәлелі кең байтақ жерімізде 130- дан астам ұлт өкілдері бір тудың астында тату тәтті, бейбіт ғұмыр кешуде. Мен осындай елде тұратынымды мақтанышпен айта аламын. Бұның барлығы елбасымыздың кеңпейілділігінің, дұрыс жүргізіп отырған саясатының арқасы деп білем.[3]

Ассамблея қызметінің нәтижелері тек Қазақстанда ғана танылып қойған жоқ. Бүкіл әлемдегі беделді халықараық ұйымдардың өкілдері Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды жарасымды ету тәжірибесімен бөлісе келіп, оның зейін қоюға лайық екенін атап көрсетті.

Мәселен, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕХЫҰ) үш конференциясына қатысушылар осы ұйымның аз ұлттар істері жөніндегі жоғарғы комиссары Ван дер Стул мырза бас болып осындай қорытындыға келді. Өткен жылдың желтоқсан айында оның басшылық етуімен Швейцарияда қазақстандағы ұлттық саясат мәселелері бойынша «дөңгелек үстел» өткізілді. ЕХЫҰ-да таратылған төрағаның ресми мәлімдемесі «Қазақстан республикасының басшылығы елдегі барлық этностық топтардың мүдделерін іске асыру және ұлысаралық қатынастарды одан әрі жарасымды ету үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету саясатын дәйекті түрде жүргізіп отыр. Адамзаттық институттар мен адамзаттардың көпшілігінің қолдауы және ЕХЫҰ-ны қоса алғанда, халықаралық қоғамдастықтың жәрдем жасауы жағдайында осындай саясатқа адалдық елде ұлысаралық қатынастарды әрі қарай тұрақтандыру үшін берік негіз болып табылады», -деп жарияланады.

Осынау халықаралық жоғары баға тектен-тек берілмейді және оның астарында ауқымды да тынымсыз жұмыс жатыр. Бұл мұның ішінде осы залда қатысып отырған адамдардың баршасының жұмысы.

Ассамблеяның кейбір мүшелерін ЕХЫҰ ұлтаралық қатынастар проблемалары жөніндегі халықаралық сарапшылар қатарына енгізді. Біздің тәжірибемізді ТМД-ның көптеген елдерінде зерделеуде. Ресей Федерациясының Президенті Б. Н. Ельцинның жарлығының бірінде біздің ассамблеямыз тәрізді институт құру туралы мәселе қарау міндеті қойылған. Осындай құрылым Қырғызстанда да құрылуда.

Осы жиында сөз сөйлегендердің бірінің айтуынша, біздің құрған ассамблея ұлтаралық бірлік пен татулықты сақтауға және нығайтуға зор үлес қосып отырғанын мойындаған жөн деді. Мұның ішінде ұлттық саясат саласында жаңа заң жобалары жобаларына қоғамдық сараптама жасауға қатысу да бар. Мұның ішінде ұлт тілдерін, мәдениетін, дәстүрлері мен салттарын жаңғыртудың басты тетіктері ретінде республикалық және аймақтық мәдени орталықтармен жүргізілетін ауқымды жұмыс та бар. Мұның ішінде ұлт тілдерін, фестивальдерін өткізу де, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарын ұйымдастыру да, Қазақстан халықтарының тілдерінде әдебиет шығару да бар. Мұның ішінде шетелдегі қазақ диаспорасымен және біздің этностық топтарымыз өкілдернің тарихи отанымен байланыстарын нығайту жөніндегі жұмыс та бар. Мұның ішінде аз ұлттарға білім беру саласындағы оң ілгерілеу де бар.

Бүгінгі таңда республикада 2 ұлт тілінде газет шығарылады. Телестудиялар Қазақстан халықтарының 12 тілінде және радиосианцияларда 6 тілінде хабар береді. Мұның өзі ұлттың өзін-өзі көрсетуімен өркендеуінің ақпараттық кеңістігін құру үшін салықалы негіз болып табылады.

Сондай-ақ, ұлттық балабақшалар, мектептер ашылууда. Республикада мектепке дейінгі білім беру мекемелерде жеті ана тілінде 426 мың, ал жалпы білім беретін мектептерде -3 миллионнан аса бала оқытылып, тәрбиеленеді. Аз ұлт өкілдерінің 106 мың баласы өз ана тілінде дербес пән ретінде оқып-үйренеді.

Сонымен қатар, жоғары оқу орындарына түсу кезінде Ассамблея квоталары енгізіледі. 1996 жылы қазақстандық студенттердің 9 проценттен астамы немесе 2000-ға жуық адам нақ осындай квотамен оқуға түсті. Бұл өте-мөте қажетті де маңызды жұмыс, әрі оған уақытша науқан деп қарамау керек. Осы сессияға әзірлік кезінде көптеген статистикалық зерттеулер жүргізілді. Мәселен, Президент әкімшілігінде қазақтар мен орыстар, украиндер мен белорусьтер, корейлер мен ұйғырлар, татарлар мен болгарлар жұмыс істейді. Үкімет құрамы бүгінгі таңда мынадай: онда сегіз қазақ, осыншама орыс, украин және бір татар бар. Әрине, бұл арақатынастың өзгеруі де ықтимал. Бірақ ондай өзгерістерге тек адамның іскерлік сипаттары ғана негіз бола алады. Барлық деңгейдегі сот жүйесінде қазақтар, орыстар, украиндар, татарлар, корейлер, немістер, армяндар, өзбектер, еврейлер, ұйғырлар, әзірбайжандар, чешендер, башқұрттар, осетиндер мен қырғыздар да бар. Айтыңыздаршы-қайда, ТМД-ның қай елінде осындай жағдай бар?[4. 37-43 бет]. Менің ойымша да Ассамблеяның бізге берері көп, осындай өзге ұлттар мен татулықты көріп өскен өскелең ұрпақтың да санасына жақсы ойлар ұялайды. Ассамблеяға құрмет жас ұрпақ бойындағы татулық, адамгершілік, бауырмалдық, отаншылдық, елге, жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін оятады. Қоғамдағы тұрақтылықты, тепе-теңдікті сақтауда да үлкен рөл ойнайды. Ассамблея-ол татулықтың темірқазығы, символы болып есептеледі. Біздің елімізде, яғни қазақ елінде 130-дан астам ұлт өкілдері мекен етеді. Олар бір тудың, бір шаңырақтың астында тату-тәтті ғұмыр кешуде. Мен өз елімнің, өз халқымның осындай қонақжай, жайдары екенін мақтанышпен, кеуде керіп айта аламын. Біздің еліміздің Ассамблеясы бүкіл әлемге танымал. Мен Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт деп аталатын жерінде туып-өстім. Ол жерде көптеген ұлт өкілдері бар. Негізінен өзбек, ұйғыр, орыс, кәріс, неміс ұлтының өкілдері тұрады. Олар өз елдерінің салттарын берік сақтап қана қоймай, қазақ ұлтының салт-дәстүрлеріне де асқан құрметпен қарайды. Мысалы, Наурыз мейрамында наурыз көже, бауырсақ пісіріп көршілерді шайға шақырады. Түрлі ұлттық ойындарды жарыса ойнайды. Мысалыға айта кетер болсақ, алтыбақан, ақсүйек, асық, қазақша күрес секілді ойындарды өзге ұлт өкілдерінің жастары сүйіп ойнайды. Біздің еліміздегі татулық пен бірлікке барлық елдер қызығушылықпен қарайды. Осындай Ассамблея құрғылары келеді. Қазақстан қазіргі таңда көптеген елдерге үлгі. Сол үшінде біз тәуелсіздікті, бостандықты Қазақстандық әрбір азамат қадірлей білуі тиіс. Жиырма жылда бұл ұйым көптеген ауқымды шаралар ұйымдастырды, мемлекеттік маңызы бар істер атқарды. Қазақстан Ассамблеясы ол нағыз татулықтың символы. Ассамблея құрылғаннан бері қарай 20 жыл өтіпті. Елбасының 1995 жылдары жасаған қадамы өз жемісін беріп жртшылықты

жетістікке бастады, ең бастысы-Ассамблея татулық пен тыныштықтың тірегіне айналды. Осындай киелі құбылысты нығайта түсу мақсатында мемлекет басшысы 2015 жыл-Қазақстан Ассамблеясының дылы деп жариялаған болатын. Сондықтан да, табалдырықтан аттаған күннен бастап, Қой жылында елдің түкпір түкпірінен осыныу мерейтойға арналған шаралар бастау алса, бүгінгі күнде ресми түрде Қазақстан халқа Ассамблеясының жылы ашылып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аяған. Б. Ғ., Әбжанов Х. М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. - Алматы “Раритет”, 2010.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының азаматтық таңдауы» // <http://e-history.kz/kz/books/president/read/184>
3. «Сарыарқа- достықтың мекені» - Қарағанды, 2005.
4. Аяған Б. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. - Т. 5. - Алматы, 2003..

ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ИДЕИ МӘҢГІЛІК ЕЛ

Куспекова К.

Научный руководитель: Алимбаев Т.А. д.и.н., профессор.
Қарағандинский государственный университет им.Е.А.Букетова

Патриотическое воспитание, являясь составной частью общего воспитательного процесса, представляет собой систематическую и целенаправленную деятельность органов государственной власти и общественных организаций по формированию у граждан высокого патриотического сознания, чувства верности своему Отечеству, готовности к выполнению гражданского долга и конституционных обязанностей по защите интересов Родины. Современная казахстанская система патриотического воспитания, в лице государственных и негосударственных организаций, представляет собой результат эволюции исторических форм патриотического воспитания, существовавших в нашей стране. Идея патриотизма во все времена занимала особое место не только в духовной жизни общества, но и во всех важнейших сферах его деятельности - в идеологии, политике, культуре, экономике, экологии и понимании современного казахстанского патриотизма, сформировавшегося на протяжении многовековой истории общественной мысли, является исходной задачей для выяснения его основ. Содержание и направленность патриотизма определяются, прежде всего, духовным и нравственным климатом общества, его историческими корнями, питающими общественную жизнь поколений. Роль и значение патриотизма возрастают на крутых поворотах истории, когда объективные тенденции развития общества сопровождаются повышением напряжения сил его граждан. Проявления патриотизма в такие периоды отмечены высокими благородными порывами, особой жертвенностью во имя своего народа, своей Родины, что заставляет говорить о патриотизме как о сложном и безусловно неординарном явлении. Патриотизм органически связан с осознанием исторического бытия народа, ибо Родина -- это не только сегодняшняя страна, но и вся ее история. В трагические периоды истории, казахско-джунгарских войн, именно национальное единство и патриотизм не раз решали судьбу нашей страны. Патриотизм -это ощущение духовной связи с Отечеством, для нас - Казахстаном. Это любовь к ее прошлому и настоящему, это надежда и вера в ее будущее. И все это обязывает нас защищать не только границы Отечества, но и его историческую память, и его язык. Богатство Казахстана— это не только ее недра, не только и не столько нефть и газ, а огромный творческий потенциал казахстанского народа, наше единство, наша любовь к Родине., Жизнь общества сегодня ставит серьезнейшие задачи в области воспитания и обучения нового поколения. Государству нужны здоровые, мужественные, смелые, инициативные, дисциплинированные, грамотные люди, которые были бы готовы учиться, работать на его благо и, в случае необходимости, встать на его защиту. За